

ФИЛОСОФСКИЕ НАУКИ

ТІЛДІК АГРЕССИЯ: ТҮСІНГІ, ЗЕРТТЕЛУІ

Атілғазы Ұлжан

Жансүгіров.І.

атындағы

Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты,

Қазақстан республикасы

АНДАТПА

Мақалада агрессия ұғымы туралы түсініктер мен зерттелуі жайында жалпы сипаттама берілген. Тілдік агрессия түсінігі, берілу жолы, ғалымдардың тұжырымдары психологиялық және лингвистикалық тұрғыда көрсетілген. Жасөспірімдерде тілдік агрессияның пайда болуының басты себептері мен норматив және нормативті емес сөздердің қолданысы салыстырмалы түрде сипатталған.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются общая характеристика понятия и изучения агрессии. Понятие языковой агрессии, путь передачи, выводы ученых отражены в психологическом и лингвистическом плане. Сравнительно охарактеризованы основные причины возникновения языковой агрессии у подростков, применение нормативных и ненормативных слов.

ABSTRACT

The article deals with the General characteristics of the concept and study of aggression. The concept of language aggression, the way of transmission, the conclusions of scientists are reflected in psychological and linguistic terms. The main causes of language aggression in adolescents, the use of normative and non-normative words are characterized comparatively.

Тірек сөздер: тілдік әрекет, тілдік агрессия, әдеби тіл нормасы, эмоционалды лексика, мінез-құлық.

Ключевые слова: речевая деятельность, речевая агрессия, норма литературного языка, эмоциональная лексика, поведение.

Key words: speech activity, speech aggression, literary language norm, emotional vocabulary, behavior.

Агрессивті мінез-құлық – адам әрекетінің ерекше формасы. Мұндай мінез-құлық субъектіге нұқсан келтіру мақсатында өзінен басқа адамға немесе адамдар тобына өз ренішін білдіріп, қыр көрсетуі немесе күш қолдануға тырысумен сипатталады. Агрессивті мінез-құлық қарқындылығы мен пайда болуы дәрежесі бойынша жек көрушілік, жақтырмаушылықтан басталып, тіл тигізуге және дөрекі түрде күш қолдануға дейін түрленеді.

Агрессия сөзі латынның «aggredi» деген сөзінен шыққан, бұл сөз «шабуылдау» деген мағынаны білдіреді. Бұл теорияның негізін қалаушы – австриялық дәрігер-психиатр Зигмунд Фрейд. Агрессия туралы Л.Блендер, Ф.Аллан, Х.Дельгадо, А.Басс, А.Уилсон, Д.Зильман, Э.Фромм т.б. психолог-ғалымдар зерттеу еңбектерінде қарастырған [1,65]. Қ.Жарықбаев пен О.Саңғылбаев құрастырған психологиялық сөздікте агрессияға мынадай анықтама береді: «Агрессия (лат. aggressio – қаз. шабуыл жасау) – әлеуметтегі адамдардың арақатынас тәртібінің талаптарына қарама-қайшылықты себептенген деструктивтік қылық. Агрессия объектілерге зиян келтіреді немесе психологиялық қолайсыздықтар (қайғыру, қорқыныш, басымдық, басқаның пікірін күшпен басып тастау т.с.с) туғызады. Агрессивтілік әрекеттер моральдық және құқықтық сипаттармен түсіндірілмейтін, ешқандай объективті себептерсіз туындайтын өшпенділік, көбінесе, өзін қорғау немесе басқа адамдарды қорғауда көрінетін сипат»[2,13].

З.Фрейд «агрессия – супер-эгомен басып тасталатын деструктивті күш» десе, Л.Блендер агрессияны объектіге жақындау немесе одан алыстау деп түсіндіреді. Ал А.Берковицтің пайымдауынша, агрессия жеке тұлғаның өзіне деген реніш сезімі пен намыстануын да қамтиды. Х.Дельгадоның тұжырымдауы бойынша, адамдардың агрессиясы – бұл мінез-құлық реакциясы, ол қоғам мен адамға шығын келтіру және күш көрсету арқылы сипатталады [1,67].

А.Басс агрессияның **вербальды – дене агрессиясы және тікелей- жанама агрессия** сынды түрлерін бөліп көрсетеді.

Вербальды агрессия (тілдік агрессия) – жағымсыз эмоцияларды, сезімдер мен ниеттерді балағаттау арқылы, анайы, қоғамда мақұлданбаған сөздермен жеткізу [3,56].

Тілдік агрессияның екі түрі ажыратылады. Бір жағынан, тілдік агрессия (нақты айтқанда, қорлау да) жағымсыз, теріс эмоция мен сезімді білдіруге қызмет етеді. Тілдік агрессияға түрткі болатын көңіл-күй сезімдеріне ыза, шаптығу, өкпе, көңілтолмаушылық, жеккөрушілік, айыптау, жақтырмаушылық т.б. жатқызылады. Мұндай агрессия көбінесе сыртқы түртпекке тітіркеніс жауап ретінде көрініс береді. Мысалы, адамға дүкенде дөрекілік танытылғанда, көпшілік көлікте аяғын басып кеткенде, адам өтініші ысырылып тасталғанда немесе қабылданылмағанда, дауда қарсылық білдірілгенде – мұндай физикалық немесе психологиялық дискомфорттың жауабы сұхбаттасушыға қарсы сөз қайтару, тойтарыс беру,

ұрыс, балағат болуы мүмкін. Бұл сипаттағы сөз қайтарудың негізгі қызметі жүйкені ширығудан босаңсыту, теріс көңіл-күйден айығу сияқты психологиялық шынығу болып табылады. Басқа жағынан, тілдік агрессия айырықша ниет – адресанттың (сөйлеуші / жазушы) адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (кемсіту, қорлау, келемеждеу) келтіруге мақсатты бағытталған қалауы немесе өзіндік мүдделерін (өзін таныту, өзін өзі қорғау) қайсыбір «тыйым салынған» тәсілдермен жүзеге асыру ойы түрінде көрініс беруі мүмкін. Тілдік агрессияның негізгі түрлері мен формаларына қорлау, дұшпандық сын, қоқан-лоқы, дөкір талап, дөрекі бет қайтарыс, жазғыру, келемеж, шағым, сөз тасу және жала, ұрыс-керіс жатады [4,34].

Ғалым С.Қоянбекова: «Адам тіл арқылы жай ғана ақпарат алып немесе ақпарат беріп қоймайды, сонымен қатар, әрдайым өзінің қоршаған ортаға, құбылысқа деген көзқарас, сезімін, субъективті қарым-қатынасын тіл арқылы жеткізіп отырады. Осылайша, тіл адамның ішкі көңіл-күй толғанысы мен сезімін де жеткізудің басты құралына айналған. Психологияда адамға тән сезімдердің 500-ге тарта түрлері белгілі болса, олардың әрқайсысының тілдік жүйедегі мазмұны мен көрінісі сан алуан. Себебі тілдің басты міндеті адамға қызмет ету, ал адам – сан қырлы, күрделі құбылыс. Қазіргі ғылымның дамуындағы антропоцентристік бағыт адамды интеллектуал тұлға ғана емес, оны эмоционалды-менталды қырынан да қарастырады. Тілдің адамнан тыс тұрған жеке құбылыс емес, адаммен бірліктегі, бірін-бірі анықтайтын күрделі құрылымдар болып саналатыны да сондықтан. Тілдің ең кіші бірлігі дыбыстан бастап мәтінге дейінгі тіл бірліктерінің барлығы адамның қандай да бір ішкі эмоциясы мен көңіл-күйін жеткізуге қызмет етеді. Тіл тарихи категория ретінде өзінің дамуы барысында эмоцияны сыртқа шығарудың түрлі тілдік тетіктерін қалыптастырады» деген тұжырым жасайды [5,2].

Тілдік агрессия ұғымын В.И.Жельвис, Л.В.Енина, Т.А.Воронцова, А.К.Михальская, Л.М.Семенов, А.Басс, К.Е.Изард, А.А.Леонтьев, т.б. ғалымдар зерттеп, түрліше жіктеген.

А.Басс тілдік агрессияны мынадай түрлерге бөледі:

А) *Вербальды – белсенді -тікелей* (басқа адамдарды сөзбен балағаттап немесе төмендеткен кезде көрінеді);

Б) *Вербальды – белсенді -тікелей емес* (басқа адам туралы өсек тарату, жалған айып тағу);

В) *Вербальды – пассивті -тікелей* (адаммен сөйлеспеу, сұрақтарына жауап бермеу);

Г) *Вербальды- пассивті -тікелей емес* (нақты сөздермен түсіндіруге қарсылық білдіру, кінәсіз адамды сынап жатқанда оны қорғау).

Ғылымда тілдік агрессияның пайда болуының басты себебінің бірі ретінде әлеуметтік факторлар аталады:

1. Қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықтың болмауы – қылмыстың өршуі, мінез-құлықтың пайда болуы, тілдік агрессия қалыпты жағдай болып есептелетін микроотпардың пайда болуы.

2. Қоғамдық санадағы құндылықтар жүйесінің бұрмалануы – қазіргі қоғамда күштің қалыпты жағдайға айналып, басты құндылықтардың біріне айналуы; билікке ұмтылу, табысты, өзіне сенімді адамның «сөзбен жауап қайтара білуінің» идеалға айналуы.

3. БАҚ-тағы қорлық көрсету факторларының көп насихатталуы. Теледидар мен ғаламтор тілдік агрессияның бірден-бір көзі болып кеткен. Соңғы уақытта әр түрлі заманауи бағдарламаларда тілдік агрессия эталондары көптеп кездеседі.

4. Отбасындағы сөйлеу мәдениетіне аз көңіл бөліну және мектептегі коммуникативтік дағдыларды мақсатты түрде оқытпау) [3,58].

Тілдік агрессияның берілу жолына нормативті және бейнормативті лексиканы жатқызамыз. Норматив лексикаға көпшілік алдында (яғни қоғамдық орындарда), БАҚ-та ауызша, сондай-ақ жазбаша сөйлеуде қолдануға болатын тілдік бірліктер жатады. Бейнорматив лексикаға әдеби БАҚ-та, сондай-ақ қоғам тарапынан көпшілікте қолданысы мақұлданбайтын тіл нормасынан тыс жатқан сөздер енеді.

Норматив және бейнорматив лексика топтарының қатынасы орыс ғалымы И.А. Стерниннің жіктелімі негізінде 1-кестеде көрсетілген [4,35].

1-кесте

Нормативтік деңгейі бойынша	Нормативті (кез келген жағдаятта қолданысқа ие)	Бейнормативті (шектеулі жағдаяттарда қолданысқа ие)		
Стилистикалық қатыстылығы бойынша	Әдеби және ауызекі (сұмырай, оңбаған, жексұрын, сұркия, қаңғыма, көргенсіз, мал, топас)	Тұрпайы лексика Сленг Жаргон Қарапайым сөздер, дөрекі сөздер (боққарын, боқкөтен т.б.)	Балағат (албасты, қақбас, төбет, салдақы, қаншық)	Боқтық (дене мүшелерінің анайы атаулары және солардың негізіндегі туынды сөздер)
Этикалық өлшем бойынша (қоғамдық қолданысқа ие)	Әдепті (қоғамдық қолданысы мақұлданады)	Бейпіл сөздер		
		Мәдениетсіз (қоғамдық қолданыста орынсыз)	Әдепсіз (қоғамдық қолданысына тыйым салынған)	
Мәліметтердің дереккөзі [4,35]				

Мектеп оқушыларының қарым-қатынас кезінде балағат сөздерді қолдануы сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмендігін, сөздік қордың жұтандығын, өз сезімдерін басқа әдеби сөздермен жеткізе алмайтындығын және қарапайым қарым-қатынасқа түсе алмауын білдіреді. Кей кезде балағат сөздер арқылы жасөспірім өзінің «ересек екенін», «еркін екенін» көрсеткісі келуі мүмкін.

Тілдік агрессияның көп кездесетін кезеңі 14-15 жас аралығына сай келеді. Ұлдарда агрессияның шыңы 12 және 14-15 жаста, қыздарда 11 және 13 жаста байқалады. Ал тілдік агрессия 10-11 сыныпқа келгенде төмендей бастайды. Агрессивті мінез-құлық шеңберіндегі «қатер топтарына» 8-9 сынып оқушылары кіреді. Бұл жас кезеңі өте жоғары деңгейде кездесетін өзіне көңіл аударту, менмендік, өзі және өзінің басқаларға қалдыратын әсері туралы үнемі ойлап жүру, соның салдарынан болатын ұялшақтық сезімімен сипатталады [3,59].

Жасөспірімдердің сөздік қорында әдеби тілде сөйлейтін адамға түсініксіз сөздер мен сөйлемдер (сленг, варваризм, дисфемизм, жаргон) көп. Олардың тілік агрессиясын сипаттайтын бейнорматив лексикасының тұрпайы, бейәдеби және боқтық сөздер түрінде келетіні анықталды.

Тілдік агрессияға қатысты жазылған ғылыми еңбектер мен пікірлерді, саралай келе, біз тілдік агрессияның себептерін, сипатын анықтап, тұжырымдар жасадық:

➤ Біріншіден, тілдік агрессияның басты себебі – қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында цензураның жоқтығы, тілдік қолданыстардың сүзгіден өтпеуі. Өйткені балалардың санасында мұндай сөздер жалпы халыққа ақпарат тарататын орындардың өзінде қолданылса, демек ол дұрыс деген түсінік қалыптасады;

➤ Екіншіден, орта сыныптардағы оқушылар тілдік агрессияға ұшырағанда шағымданады, оның жағымсыз екенін сезінеді. Мұның себебі осы

жастағы оқушылар ересектер көмегіне жиі сүйенеді.

➤ Үшіншіден, баланың жаратылысына байланысты әлеуметтік ортадағы кері әсеріне тез бейімделуі, балаға тәрбие беретін адамдардың жиі ауысып тұруы, тәрбие процессінің педагогикалық тұрғыдан төмен және жүйесіз болуы, әлеуметтік тұрғыдан теріс мінез-құлықты дамытатын айналадағы жат ағымдардың “субкультураның” болуы - осының бәрі қазіргі жасөспірімдерде агрессиялық мінез-құлық тудырады.

Саналы өмірін адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуге, түзу жолды көрсетуге арнаған Шәкәрім Құдайбердіұлы «Сөзінді түзе – ол әдетіңе айналады. Әдетінді бақыла – ол мінезіңе айналады. Ал мінезің сенің – тағдырың» деген. Олай болса, жасөспірімдердің білімін, белсенділігін, қоғамдық орында өзін-өзі ұстау, жеке басының тәрбиелік деңгейін қалыптастыру керек. Сонымен қатар, ата-аналарымен қарым-қатынасы, үлгі алу, өнеге көрсету дағдыларын оқушы бойына сіңірту керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметтаева С.С., Ережепова Ж. Қ. Зорлық-зомбылық және қаталдық белгілерінің көрінуі мен балалар агрессивтілігі деңгейін анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. – Астана, 2013.-209б.

2. Қ.Жарықбаев, О.Саңғылбаев. Психология: энциклопедиялық сөздік.– алматы: «қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.

3. Бандура А. Агрессия и агрессивность. Москва, 1999.

4. Таусоғарова А.Қ., Қарымсақова Р.Д. Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. – Алматы: «Әділ сөз», 2013. – 152 б.

5. Түйте Е. Е. Адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың құрылымы мен семантикасы. Монография –Қарағанды, 2009. -127б.

ЦИКЛОГЕНЕЗ ПАРАДИГМ РУССКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ: СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД – ЧАСТЬ 1 (1917 – 1939)

Пищик Александр Михайлович

Доктор философских наук, профессор Дзержинского филиала РАНХиГС, г. Дзержинск Нижегородской области

Ефимов Александр Евгеньевич

Доцент Дзержинского филиала РАНХиГС г. Дзержинск Нижегородской области

[DOI: 10.31618/ESU.2413-9335.2019.4.58.25-30](https://doi.org/10.31618/ESU.2413-9335.2019.4.58.25-30)

АННОТАЦИЯ

Цель статьи – выявить общие закономерности в циклогенезе парадигм русского мировоззрения и конкретизировать ключевые события, определяющие фазы цикла.

ABSTRACT

The article aims to identify General patterns of the cyclogenesis paradigms Russian Weltanschauung and to specify the key events that determine the phases of the cycle.

Ключевые слова: парадигма; мировоззрение; циклогенез.

Keywords: paradigm; weltanschauung; cyclogenesis.

В предыдущих статьях, опубликованных в журналах ЕСУ №№ 9-12 за 2018 год, была дана общая картина циклогенеза русского мировоззрения от Киевской Руси до наших дней, а также выявлены

общие закономерности этого циклогенеза и ключевые события на стадии язычества и православия, на пороге Нового времени и в Имперский период [6]. В этой статье тема будет продолжена.